

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы"  
"Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы"**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 157 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 590 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында:

"2. Қазақстан Республикасында жаңа бюджет саясатын қалыптастырудың және іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тиімді пайдалану" - деген кіші бөлімде:

үшінші бөлік алып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 63, 397-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында:

"5. Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану бойынша негізгі қағидаттар мен тәсілдер" деген бөлімде:

"5.1. Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану қағидаттары" деген кіші бөлімде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кепілдендірілген трансферт.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшері 2019 - 2021 жылдары жыл сайын 2 700 млрд. теңгені құрайтын болады.

Кейінгі жылдары кепілдендірілген трансферттің мөлшері кезең-кезеңімен төмендетілетін болады.";

"5.2. Бюджеттің және Ұлттық қордың теңгерімділігін қамтамасыз ету" деген кіші бөлімде:

кесте мынадай редакцияда жазылсын:

"

	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ	2021 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ	2024 ЖЫЛ	2025 ЖЫЛ
Мұнайлық емес тапшылық ЖІӨ-ге қатысты, %	9,3	7,4	7-8,5	7,0	6,6	6,5	6,4	6,1	6,0

".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев